



**«Қазақстан Республикасы Президентінің
«Болашақ» Халықаралық стипендиясы иегерлері
Қауымдастығы» ҚҚ мүшелерінің Жалпы
жиналысының шешімімен бекітілген
«05» маусым 2010ж.**

**«Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ»
Халықаралық стипендиясы иегерлерінің
Қауымдастығына» кіру және шығу Ережелері**

Астана, 2010ж.

1. Жалпы ережелер

1.1 «Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» Халықаралық стипендиясы иегерлерінің Қауымдастығына» кіру және шығу Ережелері (әрі қарай - Ережелер) «Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» Халықаралық стипендиясы иегерлерінің Қауымдастығына» (әрі қарай - Қауымдастық) азаматтардың кіру және шығу тәртібі мен шарттарын анықтайды.

1.2 Бұл Ережелер қауымдастық мүшелігіне кіру және одан шығуға қатысты әрекетерді нақтылау мақсатында Жарғының негізінде жасалынған.

2. Кіру тәртібі

2.1 Жарғыны мойындайтын және Қауымдастықтың негізгі мақсаттары мен міндеттерінің орындалуына өз үлестерін қосатын стипендия иегерлері және Қазақстан Республикасының өзге де азаматтары Қауымдастықтың мүшелері бола алады.

2.2 Стипендия иегерінің Қауымдастық мүшесіне енуі жазбаша өтініштің негізінде Қауымдастық Кеңесінің шешімі бойынша орындалады (№1 қосымша).

2.3 Стипендия иегері болып табылмайтын азаматтардың Қауымдастыққа кіруі үміткердің жазбаша өтініші бойынша Жалпы жиналыста шешіледі. Электрондық байланыс құралдары арқылы дауыс беру қарастырылады. Стипендия иегерлері болып табылмайтын азаматтарды қабылдау келесі іс-әрекеттер арқылы жүзеге асады.

2.3.1 Үміткер атқарушы хатшылыққа келесі құжаттар тізімін тапсырады: резюме; бекітілген форма негізінде кіру туралы өтініш (№2 қосымша); Қауымдастық мүшелерінің ұсыныстары (бірден кем емес). Ұсыныс осы үміткердің мінездемесінен және оған қатысты тапсырылған істерден тұрады. (Тапсырылған істер мәтіні - типтік, ұсынушы жай ғана тіркеуі қажет). Үміткер келесі негізгі сұрақтар бойынша "сұрақ-жауап" формасында Қауымдастықтағы өз қызметін қалай көретіні жайлы қысқа эссені жазады:

- Қауымдастықтың негізгі бағытталған қызметтерін жүзеге асыруының жалпы көрінісі;

- Қауымдастықтың негізгі бағыттарын жүзеге асыруда болжалды жеке үлесі;
- Қауымдастық мүшесі болуынан күтетін негізгі нәтижелер.

2.3.2. Екінші кезеңде: Үміткердің жеке ісін және эссені атқарушы хатшылық кем дегенде екі Кеңес мүшелеріне қарауға тапсырады. Қажет болған жағдайда үміткер сұхбаттасудан өтеді. Үміткерді қабылдау мен мақұлдаудан кейін үміткер Кеңестің кезекті отырысына шақырылады. Қажеттілік бойынша отырысқа дейін үміткерлердің Кеңес мүшелерімен және Кеңес төрағасымен немесе оны алмастырушы тұлғамен өткізілетін сұхбаттың уақыты мен орны анықтала алады. Сұхбат нәтижелері бойынша Кеңес ұсынған үміткерлерді оларға дауыс беру қорытындылары мен сұхбаттасу нәтижелерін жариялау арқылы оларды бекіту үшін Жалпы жиналысқа шақырады. Жалпы жиналыста үміткерді Қауымдастық мүшелігіне еруге ұсынған тұлға үміткерді жариялайды.

3. Шығару тәртібі

3.1. Қауымдастық Кеңесіне Қауымдастық мүшелігінен шығу туралы өтініш беріледі. Қауымдастық Кеңесінің шешімі бойынша мүшеліктен шығару жүзеге асады, ол жоғары тұрған орган Қауымдастықтың Жалпы жиналысына жүгіне алады. Жарғы ережелерін бұзу жағдайында, стипендия иегері атына лайықсыз іс-әрекеттерді жағдайда мүшеліктен шығару орындалады. Жарғының 7.1 бөліміне сәйкес Қауымдастық келесі жағдайларда Қауымдастық мүшелігінен шығара алады:.

- Жарғы талаптарын, Жалпы жиналыс пен Қауымдастық Кеңесінің шешімдерін орындамайды;
- Қауымдастық алдындағы өзінің міндеттерін дұрыс орындамайды немесе жүйелі түрде орындамайды;
- өзінің әрекетімен немесе әрекетсіздігімен Қауымдастықтың қалыпты жұмысына кедергі келтіреді.

Кеңес шешімі бойынша Қауымдастықтан шыққан тұлғалар шығу себебін көрсету арқылы және қайта өтініш беру арқылы Қауымдастыққа кіре алады (Кеңестің кезекті отырысында жеке өзі қатысқан жағдайда). Мүшелікке қайта кіру туралы шешімді Кеңес қабылдайды.

Жарғының 6.5 бөліміне сәйкес Қауымдастықтың мүшесі Қауымдастық Кеңесіне сәйкес өтініш беру арқылы Қауымдастық мүшелігінен шыға алады.



Қазақстан Республикасы Президентінің
«Болашақ» Халықаралық стипендиясы
иегерлері Қауымдастығы Кеңесінің
төрағасы Мәкен Б.

(Аты-жөні)

(қызметі, жұмыс/оқу орны)

(Байланыс мәліметтері: тел., e-mail)

Өтініш

Мен, _____,
«Болашақ» бағдарламасының түлегі/стипендия иегері _____
(университет, қала, мемлекет, оқу мерзімі)

Қауымдастық пен оның Жарғысының негізгі құндылықтарын қабылдап, мойындай
отырып, мен:

- Шетелде оқып жатқаным/білім алғаным үшін жәрдемдескен Қазақстан азаматтарының алдындағы әлеуметтік жауапкершілік принциптеріне түсінік беремін.
 - Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» Халықаралық стипендиясы иегерлері мен түлектерінің кәсіби деңгейлері мен сәтті әлеуметтік бейімделуіне өз күшімді жұмсауға әзірлігімді дәлелдеймін.
- Жоғарыда келтірілгендердің негізінде Сізден Қауымдастық мүшелігіне ену үшін менің үміткерлігімді қарастыруыңызды өтінемін.

Күні:

Қолы:



Қазақстан Республикасы Президентінің
«Болашақ» Халықаралық стипендиясы
иегерлері Қауымдастығы Кеңесінің
төрағасы Мaken Б.

(Аты-жөні)

(қызметі, жұмыс/оқу орны)

(Байланыс мәліметтері: тел., e-mail)

Өтініш

Мен, _____,
түлек/студент

(университет, қала, мемлекет, оқу мерзімі)

Қауымдастық пен оның Жарғысының негізгі құндылықтарын қабылдап, мойындай
отырып, мен:

- Қазақстан азаматтарының алдындағы әлеуметтік жауапкершілік принциптеріне түсінік беремін.
 - Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» Халықаралық стипендиясы иегерлері мен түлектерінің кәсіби деңгейлері мен сәтті әлеуметтік бейімделуіне өз күшімді жұмсауға әзірлігімді дәлелдеймін.
- Жоғарыда келтірілгендердің негізінде Сізден Қауымдастық мүшелігіне ену үшін менің үміткерлігімді қарастыруыңызды өтінемін.
- .

Күні:

Қолы:



Қазақстан Республикасы Президентінің
«Болашақ» Халықаралық стипендиясы
иегерлері Қауымдастығы Кеңесінің
төрағасы Мәкен Б.

_____ /
(Аты-жөні, қызметі, жұмыс орны)

(байланыс мәліметтері)

Ұсыныс

(кімге: үміткердің аты-жөні)

_____ түлегі

(ЖОО атауы, оқуды аяқтау жылы)

_____ жұмыс істейтін үміткерге берілді,

(жұмыс орны, үміткердің қызметі)

менің ойымша, бұл үміткер нақты азаматтық орынға ие, біздің еліміздің жауапкершілігі мол азаматы, патриоты болып табылады және оның гүлденуі үшін еңбек етеді. Қауымдастық пен оның Жарғысының негізгі құндылықтарын мойындайды және қабылдайды:

- Қазақстан азаматтарының алдындағы әлеуметтік жауапкершілік принциптеріне түсінік береді;
 - еліміздің тұрақты дамуы үшін стипендия иегерлерінің кәсіби деңгейлерін арттыру мен сәтті әлеуметтік бейімделуіне, қазақстандық жастарды біріктіру мен олардың белсенділіктерін арттыруға өз күшін жұмсауға әзірлігін дәлелдейді.
- «Болашақ» Қауымдастығына кіруге

(кімді: үміткердің Аты-жөні)

ұсынамын.

Ескерту: «Болашақ» Қауымдастығының қызметінің дамуына айтулы үлесі болған жағдайда қосымша түрде көрсету қажет.

Күні

Қолы